



**АЛМАТЫНЫҢ
АЙНЫМАС ҚАҒИДАТЫ**
4-БЕТ



**ҚАЗАҚТЫҢ
ЖАРҒЫЛЫ ЖОЛЫ**
5-БЕТ



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»
8-БЕТ

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН



ТҰҒЫРЫНА ҚОНҒАН АТА ЗАҢ

**Мемлекет басшысы Парламент палаталарының
бірлескен отырысында сөз сөйледі**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламенттің қос Палатасының бірлескен отырысына қатысып, маңызды сөз сөйледі. Бұл жиын Парламенттің кезекті сессиясын аяқтап, Тәуелсіз Қазақстанның дамуындағы тұтас бір дәуірді қорытындылады. Президент өз сөзінде мұны тарихи мән-маңызы айрықша оқиға ретінде бағалап, тереңнен тамыр тартқан мемлекеттілігіміздің жаңа бір кезеңіне қадам басқанын баса белгіледі.

«Ертең Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы заңды күшіне енеді. Ұлт заңымен қатар, мемлекеттік билік жүйесі де түбегейлі жаңа сипатқа ие болмақ. Қос палаталы Парламенттің орнына Құрылтай келеді. Жалпы, бұл өзгеріс Қазақстанда тарихи сабақтастық бар екенін анық көрсетеді», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қос Палаталы Парламенттің Тәуелсіз еліміздің дамуындағы тарихи рөлін жоғары бағалай келіп, Мемлекет басшысы ұлт мүддесін бәрінен биік қойып, елге мінсіз әрі адал қызмет еткені үшін барлық шақырылымдағы Мәжіліс пен Сенат депутаттарына шынайы ризашылығын жеткізді.

«Әсіресе, Парламенттің қазіргі құрамына, яғни сіздерге алғысым зор. Бұл шақырылымды Қазақстанның жаңа тарихындағы ең мықты құрамның бірі деп

сеніммен айтамын. Себебі, сіздер мемлекетіміздің дамуындағы өте күрделі және шешуші кезеңде жұмыс істедіңіздер. Баршаңыз ел өмірінде болып жатқан ауқымды өзгерістердің бастауында тұрдыңыздар. Қаншалықты қиын болса да, түбегейлі өзгерістерді жүзеге асыру жолында табанды еңбек еттіңіздер. Сын сағатта жауапкершіліктен жалтармай, мемлекетіміз үшін аса қажетті реформаларды жүргізуге ұйытқы болдыңыздар», – деді Президент.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы кейінгі үш жылдың өзінде 300-ден астам өте маңызды заң жобасы қабылданғанын, олардың қатарында тарихи мәні зор конституциялық заңдар мен кодекстер бар екеніне тоқталды. «Біз біртұтас ұлт болып мемлекетімізді түбегейлі жаңғырту ісін қолға алдық» деп атап көрсеткен Президент көз ілеспес жылдамдықпен

өзгеріп жатқан қазіргі кезеңде жаңашыл әрі батыл қадамдар жасалуға тиіс екенін баса белгіледі.

«Бәріңізге белгілі, ертең мемлекеттік басқару жүйесін түбегейлі жаңғырту жұмысы ресми түрде бастау алады. Мұны кезекті әкімшілік реформа деп түсінуге болмайды. Себебі, бұл – еліміз үшін мүлде жаңа тарихи кезең басталады, яғни мақсаты да, мағынасы да мүлде бөлек, бұрын-соңды болмаған өзгерістер іске асады деген сөз. Басқаша айтсақ, біз қазақ мемлекеттігінің «ғимаратына» күрделі жөндеу жүргізуді көздеп отырмыз. Біз ел Тәуелсіздігінің мызғымас тұғыры мен іргетасын көздің қарашығындай сақтап, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіре түсуге міндеттіміз. Бұл – аса маңызды міндет. Оған мемлекеттік қызметте, академиялық институтта, ғылыми және саяси зерттеулер орталықтарында, үкіметтік емес секторда, халықаралық ұйымдарда қызмет ететін, осы іске қатысы бар азаматтардың барлығы атсалысуы қажет», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Біздің басты мұратымыз – халықтың әл-ауқатын арттырып, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтардың тұрмыс сапасын жақсарту», – деп атап өткен Президент бірлесе атқарылған жұмысты қорытындылап, алдағы даму жоспарымызды айқындап көрсетті.

(Жалғасы 2-бетте).

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



ТҰҒЫРЫНА ҚОНҒАН АТА ЗАҢ

Мемлекет басшысы Парламент палаталарының бірлескен отырысында сөз сөйледі



(Басы 1-бетте)

Мемлекеттік биліктің жаңа құрылымын қалыптастыру

Мемлекет басшысы Парламент Палаталарының бірлескен отырысында бес негізгі мәселеге тоқталып өтті. Мемлекеттік биліктің жаңа құрылымын қалыптастыру мәселесі жөніндегі сөзінде:

«Депутаттар корпусы өз қызметінде бұрын-соңды болмаған нәтиже көрсетті. Сіздер Әділетті Қазақстанның негізін қалау үдерісіне, сондай-ақ Конституцияны әзірлеп, қабылдауға зор үлес қостыңыздар. Кез келген депутат саясаткерлер мен қоғам қайраткерлерінің келесі буынына, балалары мен немерелеріне: «Мен 2026 жылы қабылданған Конституцияны дайындауға тікелей қатысқанмын» деп еш ұялмай айта алады», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ол сондай-ақ, кезекті шақырылымдағы Парламент депутаттары жалпыхалықтық референдумда жаңа Ата Заңымыз қабылданған соң да мемлекетіміздің құқықтық жүйесін жедел әрі сапалы жаңарту жұмысын жүргізгенін ерекше атап өтті. Әрі жаңарған билік тармақтарының теңгерімді жүйесінде Президент Тәуелсіздік пен мемлекет тұтастығының символы, Конституцияны және азаматтардың заңды құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың кепілі ретінде басты рөл атқара беретінін айтты.

«Сонымен қатар, жаңғырту жұмыстары парламенттік жүйені одан әрі трансформациялау тетіктерін де қарастырады. Құрылтайдың алдында барлық бюрократиялық рәсім түріндегі кедергілерді жою, заң шығару ісінің жеделдігі мен сапасын арттыру, білікті сарапшылардың және консультанттардың қызметін тиімді ұйымдастыру міндеті тұр», – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев тиімді жұмыс істейтін қоғамдық институттары болса ғана, Озық және Әділетті мемлекет қалыптасатынын айта келіп, Қазақстанның Халық Кеңесінің маңызы мен атқаратын рөліне де кеңінен тоқталды:

«Қазақстан Халық Кеңесі мәслихаттардың, қоғамдық кеңестердің, сарапшылар алаңы мен азаматтық қоғам ұйымдары өкілдерінің басын біріктіреді. Бұрын Қазақстан халқы Ассамблеясына тиесілі болған қызметтік міндеттер енді Халық Кеңесіне өтеді. Осылайша құрылым форматы өзгергенімен, жалпыұлттық бірлігіміздің мәні ішкі саясатымыздың маңызды бағыты ретінде сақталады. Халық Кеңесі – тарихымызда алғаш рет конституциялық деңгейде құрылған диа-

лог алаңы. Көпұлтты және әралуан Қазақстанымыздың символы. Бұрын шашыраңқы болған құрылымдар заң шығару бастамасын көтеру құқығына ие болатын Жоғары консультативтік органның аясына бірігеді. Демек, халықтың үніне құлақ асу мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігіне айналады», – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан экономикасын жаңа үлгіге көшіру

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бұл мәселені ең маңызды стратегиялық міндет деп көрсетті. Әрі оған жедел түрде қол жеткізу үшін жаңа көзқарас, жаңа ұстаным қажет екенін баса белгіледі.

«Былтыр экономикамыз 6,5 пайызға өсті. Мұны әлем елдерінің даму қарқынымен салыстырғанда жоғары көрсеткіш деуге болады. Жалпы, ішкі өнім ел тарихында алғаш рет 300 миллиард доллардан асты. Оның жан басына шаққандағы үлесі 15 мың доллардан асып, 2019 жылдан бері бір жарым есе артты. Бұл – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері арасындағы ең жоғары нәтиженің бірі. Инфляция бағамы төмендеді: биылғы бес айдың қорытындысы бойынша оның деңгейі 10,4 пайызға дейін түсті. Бірақ бұл көрсеткішті әлі де төмендету керек. Қазақстанның қаржы жүйесі тұрақты. Ұлттық валютамыз да өз тұғырында нық тұр, сыртқы қауіп-қатерлерден сенімді түрде қорғалған деп айтсақ, қате болмайды», – деді Президент.

Ел экономикасының елеулі табыстары мен жетістіктеріне тоқтала келіп, елімізде жаңа инвестициялық кезең басталатынын, сол арқылы экономиканы әртараптандыруға басымдық берілетінін жеткізді.

«Осы орайда, мен мамыр айында қол қойған «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Конституциялық заңның маңызы зор. Аталған заң шетелдік және отандық бизнес үшін тың мүмкіндіктерге жол ашады. Сондықтан бұл бірегей заңнамалық актінің әлеуетін дұрыс пайдаланған жөн», – деп атап көрсетті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Еліміздің энергетикалық және инфрақұрылымдық негізін нығайту

Президент сөзінде экономиканың жаңа үлгісіне көшу үшін алдымен энергетикалық, инженерлік және көлік-логистикалық инфрақұрылымды толыққанды дамыту сынды ұштағанның маңызы айрықша екенін атап көрсетті.

«Осы мақсатта бұрын-соңды болмаған ауқымдағы Ұлттық жобаны іске асыру туралы шешім қабылданды. Оны жүзеге асыру үшін тек биылдың өзінде 1 триллион теңгеден астам қаржы бөлу жоспарланып отыр. Артық шығынға әкеп соғатын тиімсіз «әрлеу, яғни жөндеу» тәсілінен бас тартып, өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін барлық нысандар мен жүйелерді түбегейлі жаңғырту жұмысы жүргізілетін болды», – деді Мемлекет басшысы.

Энергетика мен инфрақұрылым салаларындағы негізгі мәселелерді айта келіп, Қазақстан аймақтағы мұнай-газ өндіретін жетекші мемлекет ретінде авиаотынға қатысты мәселелерді толық шешуге мүмкіндік беретін мықты инфрақұрылым қалыптастыруымыз қажет екенін баса белгіледі. Сонымен бірге, жақында Брюссель сапарында Еуропалық Одақтың басшыларымен келіссөзде Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту мәселесіне баса мән берілгеніне тоқталды. Бұл да еліміздің баса мән беретін маңызды бағыттарының бірі екенін еске салды.

Толыққанды цифрлық мемлекет құру

Мемлекет басшысы Қазақстанның жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды құқықтық тұрғыдан реттеуде әлемдегі алғашқы елдердің бірі болғанын атап өтті. Жаңа Конституция азаматтардың киберкеңістіктегі дербес деректерін қорғауға кепілдік беріп, «Жасанды интеллект туралы» заң мен Цифрлық кодекстің қабылдануына құқықтық негіз қалады. Бүгінде Қазақстан жасанды интеллектіге дайындық индексі бойынша Орталық Азияда көш бастап тұр. Мемлекет цифрлық қаржы активтерін дамытуға, электронды коммерцияны кеңейтуге және бизнеске қолайлы цифрлық экожүйе қалыптастыруға басымдық беріп келеді.

«Жаңа Конституция азаматтардың киберкеңістіктегі дербес деректерін қорғауға кепілдік береді. Бұл – Цифрлық Қазақстанды құрудың негізгі алғышарты. Қазақстан мүлдем жаңа сипаттағы Цифрлық кодекс пен «Жасанды интеллект туралы» Заң қабылдаған жаһандағы алғашқы елдердің бірі. Бұл қадам толыққанды Цифрлық ел болу үшін заманауи инфрақұрылымдық негіз қалыптастыруға мүмкіндік берді. Біз қазірдің өзінде осы жұмыстың нақты нәтижесін көріп отырмыз», – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, ендігі міндет – жасанды интеллектіні экономиканың барлық саласына енгізіп, мемлекеттік басқаруды жаңа деңгейге көтеру. Осы мақ-

сатта суперкомпьютерлер іске қосылып, «Деректерді өңдеу орталықтарының алқабы» мегажобасы жүзеге асырылуда, ал Alem.ai орталығы жанынан инновациялық мектептер мен Орталық Азиядағы алғашқы Жасанды интеллект университеті ашылады. Бұл бастамалар Қазақстанды жоғары технологиялық хабқа айналдырып, «Мемлекет-платформа» қағидатына негізделген тиімді, заманауи цифрлық мемлекет қалыптастыруға жол ашады.

Адам капиталын дамыту

XXI ғасырда елдің басты байлығы табиғи ресурстар емес, адам капиталы екеніне тоқталған Мемлекет басшысы әлеуметтік саланы стратегиялық басымдық ретінде айқындады. Биыл ғылым, білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және әлеуметтік қолдау бағыттарына 19 триллион теңгеден астам қаржы бөлінеді. Президенттің айтуынша, шынайы әділеттілік – игілікті тең бөлісу емес, әрбір азаматқа тең мүмкіндік беретін тиімді жүйе қалыптастыру. Осы қағидат аясында заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару арқылы әлеуметтік нысандар салынуда, ал «Ұлттық қор – балаларға» және «Келешек» жинақтау жүйесі жастардың болашағына салынған ұзақмерзімді инвестицияға айналды.

«Расында, Қазақстан – әлеуметтік салаға айрықша мән беріп, жүйелі әрі байыпты саясат жүргізіп келе жатқан әлемдегі аз ғана мемлекеттің бірі», – деп атап өткен Президент білім мен ғылымды ұлттық бәсекеге қабілеттіліктің негізгі тетігі ретінде бағалады.

Соңғы үш жылда елімізде жүздеген жаңа мектеп салынып, жоғары оқу орындары жаңғыртылып, шетелдік жетекші университеттердің филиалдары ашылуда. Сонымен қатар, «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң жас ғалымдарға жаңа мүмкіндік беріп, ғылыми инфрақұрылымды дамытуға жол ашты. Денсаулық сақтау саласында да ілгерілеу байқалып, 2019 жылдан бері 1300-ге жуық медициналық нысан пайдалануға берілді, ал азаматтардың өмір сүру ұзақтығы 76 жасқа дейін өсті. Мұғалімдер, дәрігерлер және әлеуметтік қызметкерлердің жалақысының кезең-кезеңімен көтерілуі де әлеуметтік саясаттың маңызды нәтижесі ретінде аталды.

Мемлекет басшысы әлеуметтік жаңғырумен қатар ұлттық құндылықтарды нығайтуға, заң үстемдігін орнықтыруға және қоғамдағы жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруға ерекше назар аударды. Әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау, еңбеккерлерді әлеуметтік қолдау, зиянды өндірісте жұмыс істейтін азаматтарға жеңілдіктер беру сияқты заңнамалық бастамалар халық игілігіне бағытталған маңызды қадамдар болды. Президент Парламенттің заң шығару қызметіне жоғары баға беріп, оның азаматтармен тиімді байланыс орнатудағы және «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан» қағидаттарын жүзеге асырудағы рөлін ерекше атап өтті.

«Түптеп келгенде, баршамыздың мұратымыз – бір. Бұл – жас ұрпақтың жарқын болашағына жол ашатын өркениетті әрі озық мемлекет құру. Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Еліміздің ойдағыдай дамуы бізге ғана керек. Ұлт болып ұйысып, жұрт болып жұмыла білсек, біз кез келген белесті бағындырамыз, көздеген мақсатымыздың бәріне қол жеткіземіз. Қастерлі Тәуелсіздігіміздің тұғырын нығайтып, Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз, Таза әрі Озық Қазақстанды құрамыз. Мен бұған кәміл сенемін! Осы жолда аянбай еңбек ету – әр азаматтың перзенттік парызы», – деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: t.me/aqorda_resmi).

Бүгін, 1 шілде – еліміз үшін Берекше тарихи күн. Қазақстан Республикасының жаңа Халық Конституциясы ресми түрде өз күшіне енді. Әр дәуірдің тасқа басылған тарихи бағдары, төлқұжаты болады. Бүгіннен бастап ел игілігіне айналатын, мыңдаған жылғы терең тарихымызбен ұштасқан жаңа Ата Заңымыз да елдің тілегі мен арман-мақсатынан туған бағдарламалық құжат. Ол – Қазақстан дамуының жаңа дәуірінің берік іргетасы.



**Дархан САТЫБАЛДЫ,
Алматы қаласының әкімі:**

ХАЛЫҚ КОНСТИТУЦИЯСЫ – ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кеше Парламенттің қос Палаталарының бірлескен отырысында сөйлеген сөзінде бұл тарихи сәттің маңызына айрықша тоқталып: «Ертең мемлекеттік басқару жүйесін түбегейлі жаңғырту жұмысы ресми түрде бастау алады. Мұны кезекті әкімшілік реформа деп түсінуге болмайды. Себебі, бұл – еліміз үшін мүлде жаңа тарихи кезең басталады, яғни мақсаты да, мағынасы да мүлде бөлек, бұрын-соңды болмаған өзгерістер іске асады деген сөз», – деп атап көрсетті.

Алматылықтардың да басты мақсаты – халықтық Конституцияны негізге ала отырып, «Заң мен Тәртіпке» берік, «Таза Қазақстанды» бағдар ететін жаңа құндылықтар мен ұстанымдарға негізделген Әділетті Қазақстан идеясына сай, қуатты орта қалыптастыру.

Әділетті Қазақстанның негізгі қағидаттарын біріктірген Халық Конституциясы біздің тың серпінмен дамуымыз үшін жаңа міндеттер жүктейді. Өркениет биігіне қадам басқан біз, алматылықтар Ата Заңда көрсетілген негізгі қағидаттарды басшылыққа алып, бірегей жаңа қалалық мәдениет қалыптастыруға жұмыламыз. Өйткені, ұлттық мәдениеттің қара шаңырағы саналатын шаһарымыздың әлеуеті зор.

Әр алматылық өзінің сүйікті қаласының Заң мен Тәртіп сақталған, таза әрі қауіпсіз, заманауи мегаполис ретінде дамуын қолдайды. Біз барша қоғам өкілдерімен, белсенді азаматтармен, сонымен қатар, қаламыздың жанашырларымен бірге осы бағыттағы жұмысты жалғастырамыз.

Жаңа Конституцияда білім, ғылым, инновация, мәдениет және табиғатты қорғау мемлекеттік дамудың басым бағыттары ретінде көрініс тапқан. Алматы қаласы білім-ғылым саласында көшбасшылық орнын сақтап, білім беру жүйесін ұдайы жетілдіріп келеді. Оның ішінде «Келешек мектептері» жобасына баса мән бере отырып, білім саласында жасанды интеллект пен цифрлық шешімдерді кеңінен қолданудамыз. Мұндай тың бастамалар саланы заманға сай дамытуға зор серпін беріп отыр.

Ел Президенті атап айтқандай, жаңа Конституция аясында «Мемлекет пен аза-

маттардың ықпалдастығы қайта жаңғыруы қажет». Осы арқылы тиімді мемлекеттік басқару мен азаматтық қоғамның үндестігін жолға қоя аламыз. Халық Конституциясы билік тармақтарының қызметін реттеп, әрбір азаматтың құқықтары мен бостандықтарына да айрықша кепілдік

мақсаты және Әділетті Қазақстанды құрудың бек кепілі.

Алматы қаласы елдің ең ірі әлеуеті мол мегаполисі ретінде аталған бағытта кешенді жұмыстар жүргізуге толық дайын. Ресми статистика бойынша халық саны 2 млн. 400 мыңға жуық, урбанизация



Халық Конституциясы Әділетті Қазақстанның басты Төлқұжаты ретінде жаңа ұлттық сапаға ұмтылған халқымыздың ерік-жігерінің, асқақ арман-мұратының жарқын көрінісі. Бұл – біздің болашаққа деген үмітіміз бен сеніміміз, әрі әлемдік өркениет биігіне талпынған елдің берік те бекем тұғыры. Басты құжат мемлекетіміздің асыл мұраты – Әділетті Қазақстанның негізгі қағидаттарының мызғымас іргетасы іспетті.

Алматы қаласы еліміздің саяси-құқықтық жаңғыруының жаңа кезеңінде Конституциямыздың терең орнығып, ондағы басты қағидалардың жүзеге асырылуына үлкен қажыр-қайратпен кіріседі.

береді. Сондықтан да Ата Заңымыздың күллі елдің біртұтас мақсатқа жұмылып, жүйелі дамуына мүмкіндік беретін ортақ келісім ретінде қабылдануы заңды.

Халық Конституциясы Әділетті Қазақстанның басты төлқұжаты ретінде жаңа ұлттық сапаға ұмтылған халқымыздың ерік-жігерінің, асқақ арман-мұратының жарқын көрінісі. Бұл – біздің болашаққа деген үмітіміз бен сеніміміз, әрі әлемдік өркениет биігіне талпынған елдің берік те бекем тұғыры. Басты құжат мемлекетіміздің асыл мұраты – Әділетті Қазақстанның негізгі қағидаттарының мызғымас іргетасы іспетті. «Заң мен Тәртіп» қағидатын бағдар еткен бұл құжат заң үстемдігіне, әділ ережелерге және барлық азаматтарға тең мүмкіндіктер жасауға негізделген.

Себебі, қазіргі өркениетті әлемде мемлекеттердің табысы тек экономикалық көрсеткіштермен ғана өлшенбейтінін жақсы білеміз. Осы орайда бізге саналы да сапалы мәдениеттің жаңа белесіне көтерілудің міндеті айқын көрініп тұр. Бұл – қоғам мен мемлекеттің ортақ

қарқыны жоғары, экономикалық қуаты қомақты шаһарымыз бұл жолды еңсеруге толығымен қауқарлы.

Зерттеулерге сүйенсек, әлемдегі 600-ге жуық ірі қала жаһандық экономиканың 60%-ын құрайды. Аталған айтулы шаһарларда жер шары халқының шамамен 20%-ы тұрады екен. Біздің әсем Алматымыз сол қалалардың қатарына кіреді.

Сондай-ақ, алдағы 5 жылда Алматының жалпы өңірлік өнім көлемін екі есеге арттырып, 70 трлн. теңгеге жеткізу стратегиялық міндеті бар. Міне, осы тұрғыдан алғанда Халық Конституциясы жаңа мүмкіндіктер береді. Мемлекеттік дамудың негізгі басым салаларын қарқынды ілгерілетуге құқықтық база қалыптастырады. Мәселен, білім, ғылым мен инновацияны, туризмді және IT-секторды дамытуға, жоғары технологиялық өндірістерді тартуға, жаңа полиорталықтар құруға, сондай-ақ қаланың инфрақұрылымын жетілдіруге кең жол ашады.

Бүгінгі таңда қаламызда еліміздегі барлық IT-компаниялардың шамамен үштен бірі шоғырланған. Сондай-ақ, IT-

қызметтер көлемінің жартысынан астамы осында қалыптасады. Сондықтан бұл бағыттағы жұмысты күшейту, тиісті инфрақұрылымдарды дамыту заман талабы.

Ата Заң меншік құқығының қорғалуы, кәсіпкерлік еркіндік, мемлекеттік институттардың жауапкершілігі мен әділ сотқа қолжетімділікке толық кепілдік береді. Мұндай құнды қағидалар орта және шағын кәсіпкерлік гүлденіп тұрған мегаполистің заманауи келбетін одан әрі қалыптастыратын маңызды тетіктер. Құқықтық тұрақтылықтың күшеюі Алматының инвесторларға деген тартымдылығын одан әрі арттыра түседі. Ол өз кезегінде жаңа өндірістердің, жоғары технологиялық кәсіпорындардың және халықаралық жобалардың жүзеге асуына қолайлы жағдай туғызады. Бұл қаламыздың инновациялық экономика орталығы ретінде дамуын жеделдетеді.

Постиндустриялық дәуірде бәсекеге қабілеттіліктің негізгі факторы ретінде адами капиталдың сапасы алдыңғы орынға шығатыны сөзсіз. Конституцияда білім, ғылым, инновация дамудың басты бағыттары ретінде айқындалуы қаламыздың әлеуетін аша түседі. Атап айтқанда, бұл қағидаттар Алматының ғылыми, білім беру және инновациялық орталығы ретіндегі рөлін одан әрі күшейтуге негіз болады. Қалада шоғырланған жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу орталықтары, технопарктер мен креативті индустриялардың дамуы жаңа құқықтық қағидаттармен толық үйлесім табады. Жаңа мүмкіндік IT-секторды, цифрлық экономиканы және ғылымға негізделген кәсіпкерлікті жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді.

Өйткені, Қазақстанның инновациялық және технологиялық дамуында Алматы сөзсіз көшбасшы болып табылады. Мәселен, республикадағы жоғары оқу орындары студенттерінің 33%-ы бізде білім алуда. Жергілікті креативті инфрақұрылымдарға ондаған мың кәсіпорын белсенді түрде тартылғанын айта кету керек.

Бұдан бөлек, Конституцияда табиғатты қорғау, тарихи-мәдени мұраны сақтау және жергілікті басқарудың тиімділігін арттыруға ерекше мән берілген. Бұл өз кезегінде барлық сала бойынша дамудың даңғыл жолына түскен Алматының тұрақты әрі жайлы мегаполис ретінде өрлеуіне тың серпін береді.

Жоғарыдағы факторлар болса, қаланың полиорталықтық даму моделін іске асыруға, туризмді өркендетуге, экологиялық қауіпсіздікті нығайтуға және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға берік құқықтық негіз қалайды. Сондықтан жаңа Конституция Алматының Заң мен Тәртіп үстемдік құрған, инвестиция мен инновация қатар дамитын заманауи халықаралық мегаполис ретінде өркендеуінің маңызды кепілі болмақ.

Алматы қаласы еліміздің саяси-құқықтық жаңғыруының жаңа кезеңінде Конституциямыздың терең орнығып, ондағы басты қағидалардың жүзеге асырылуына үлкен қажыр-қайратпен кіріседі.

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы да әрдайым біздің басты назарымызда болады. 2030 жылға дейін 2,5 миллион ағаш егуді жоспарлаған «Жасыл аллея» Жол картасы жүзеге асырылуда. Қала тұрғындарынан қызу қолдау тапқан жоба туризм мен қызмет көрсету салаларында шағын және орта бизнестің дамуына тікелей әсер етуде.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстанның жаңа Конституциясы – әлемдік өркениеттің биігіне бет алған ұлтымыздың берік әрі мызғымас тұғыры», – деп айрықша атап өтті. Сондықтан да еліміз геосаяси қауіп-қатерді ескере отырып, өзінің ұзақмерзімді дамуының тарихи тұғырын бекемдеді. Әлемнің басты ойыншыларымен бейбіт саясат ұстанып, заман талабына сай дамудың жаңа кезеңіне өтті.

2030 жылға дейінгі Даму жоспары айқындалып, іргелі жобаларды қолға алған алматылықтар да халықтық Конституцияны басты бағдар етіп, заман талабына сай дамудың жаңа дәуіріне нық қадам басты.

Кемел келешекке бет алған Қазақстанның ұлы көші көрікті, болашағы баянды боларына сеніміміз мол.

Ерлан САИРОВ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

Жаңғырудың жаңа кезеңіне жол ашады



Жаңа Конституция партиялар арасындағы ғана емес, партиялардың өз ішіндегі саяси бәсекені де жаңа деңгейге көтереді. Өкілді әрі заң шығару қызметін жүзеге асыратын органды пропорционалды жүйе арқылы қалыптастыру – әлемдік демократиялық тәжірибеде өзін дәлелдеген модель. Мұндай жүйе жаңа саяси күштердің қалыптасуына, партиялық алаңның кеңеюіне және саяси мәдениеттің дамуына серпін береді.

Енді өкілді органға партиялар арқылы ғана өту мүмкін болады. Бұл әрбір саяси партияны қоғамның сұранысына сай болуға, нақты бағдарламалар ұсынып, азаматтардың сеніміне ие болуға ынталандырады. Нәтижесінде саяси жүйеде жауапкершілік артып, жаңа буын саясаткерлерінің қалыптасуына жол ашылады.

Жаңа Конституцияның тағы бір маңызды ерекшелігі – адам құқықтарына айрықша мән берілуі. Құжаттағы 30-дан астам бап азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға арналған. Бұл Конституция бүгінгі күннің ғана емес, болашақ ұрпақтың мүддесін көздейтін стратегиялық құжат. Сонымен бірге, мемлекет азаматтардың барлық негізгі әлеуметтік кепілдіктерін толық сақтайды.

Құжатта адами капиталды дамыту мәселесіне де ерекше басымдық берілген. Бұл – жаңа Конституцияның негізгі жаңашылдықтарының бірі. Оның басты қағидаты – «мемлекет – азамат үшін». Яғни мемлекеттік саясаттың өзегінде адамның құқығы, әл-ауқаты және жан-жақты дамуы тұрады.

Сонымен қатар, Парламенттің заң шығару қызметі мен атқарушы билікке бақылау жасау тетіктері күшейеді. Бір палаталы Құрылтай республикалық бюджеттің тиімді әрі ашық жұмсалыуына бақылау жүргізетін болады. Ал Жоғары аудитормлық палата жылына екі рет Құрылтай алдында есеп береді. Бұл бюджет қаражатының ашықтығы мен тиімділігіне қосымша кепіл болады.

Менің ойымша, Халық кеңесі институты тікелей демократияның маңызды құралына айналады. Оның жұмысына Парламент құрамына кірмейтін қоғам өкілдері, қоғамдық кеңестердің мүшелері мен азаматтық белсенділер қатысып, елдің ішкі және сыртқы саясатына қатысты маңызды мәселелерді талқылауға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, Халық кеңесіне заң шығару бастамасын көтеру құқығы беріледі. Бұл – дәстүрлі қазақ демократиясының озық қағидаттарын заманауи саяси жүйемен ұштастыратын бірегей модель.

Жалпы, жаңа Конституция Қазақстандағы демократиялық институттарды одан әрі нығайтып қана қоймай, қоғамның мемлекеттік басқаруға қатысу мүмкіндігін кеңейтеді. Бұл саяси жаңғырудың жаңа кезеңіне жол ашып, әділетті әрі жауапты мемлекет құруға берік негіз қалайды.

Қайрат БЕГАЛИН,
Алматы қаласы Мәслихатының депутаты:

Ең басты инвестиция – адам капиталы



Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы – еліміздің құқықтық дамуы мен жаңғыруының берік негізі. Онда айқындалған қағидаттар мемлекетіміздің ұзақ мерзімді даму бағытын белгілеп, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.

Жаңа Конституцияда айқындалған басымдықтар еліміздің өңірлерінің, оның ішінде Алматының тұрақты дамуына тың серпін береді. Бүгінде мегаполисте инновациялар, цифрландыру, креативті индустрия, білім мен кәсіпкерлік қарқынды дамып келеді. Конституцияда бекітілген қағидаттар осы бағыттарды одан әрі дамытуға, инвестиция тартуға, жаңа жұмыс орындарын құруға және тұрғындардың өмір сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы атап өткендей, еліміздің басты байлығы – адам капиталы. Сондықтан білімді, білікті әрі бастамашыл азаматтарды қолдау, олардың әлеуетін толық ашуға жағдай жасау – Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі алғышарты. Конституциялық қағидаттар осы бағыттағы реформаларды жүйелі жүзеге асырудың құқықтық негізін қалыптастырады.

Мәслихат депутаттарының басты міндеті – тұрғындардың мүддесін қорғап, қаланың тұрақты дамуына бағытталған шешімдерді қабылдау. Осы тұрғыдан алғанда, Конституцияда бекітілген қағидаттар жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі жетілдіруге, қоғам мен билік арасындағы өзара сенімді нығайтуға және азаматтардың бастамаларын тиімді жүзеге асыруға негіз болады.

Ортақ мақсатымыз – Конституцияның құндылықтарын басшылыққа ала отырып, Алматының әлеуетін толық пайдалану және әрбір тұрғын үшін қолайлы әрі жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру. Бұл – Әділетті әрі қуатты Қазақстанды бірге құру жолындағы маңызды міндет.



АЛМАТЫНЫҢ АЙНЫМАС ҚАҒИДАТЫ

«Бұрынғыдай емес, қазір көшені ластау, бейберекет қоқыс тастау жайттары сүреді. Тұрғындардың құқықтық мәдениетінің өскені, цифрлық жүйелердің енгізілуі тікелей әсер етіп отыр», – дейді Медеу ауданы Қоғамдық қауіпсіздік бөлімі басшысының орынбасары Ренат Заханов.

Мегаполис өмірінде қауіпсіздік – ең басты құндылық. Мемлекет басшысы жариялаған «Заң мен тәртіп» жай ұран емес, нақты нәтиже беретін жүйеге айналды. Кейінгі бес айдың қорытындысы бойынша қаладағы қылмыс деңгейі айтарлықтай кеміген. Бұл аталған қағидат негізінде жан-жақты жұмыстардың жүйелі жүргізілуі және полицияның цифрлық форматқа көшуі мен «нөлдік төзімділік» қағидасының жемісі.

Қазір «Е-өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы тұрғындар құқық қорғау органдарына аулаларындағы немесе көшедегі заңбұзушылықтар туралы шағымдарын жедел жолдап отырады. «Мұндай кері байланыс қоғамдық тәртіпті бақылауда үлкен көмек болып отыр», – дейді полицей.

Қарбаласқа толы, тұрғындары мен қонақтары күн санап артып жатқан алып шаһарда тәртіп сақшыларына ерекше ауыртпалық түседі. Жақында ғана Алматы қаласының Полиция департаменті соңғы бес айдың қорытынды есебін жариялады. Осы ресми мәліметтерге сүйенсек, қалада атқарылған жедел-профилактикалық жұмыстардың арқасында жалпы қылмыс деңгейі 10,9%-ға төмендеген.

«Заң мен тәртіп» қағидаты ауыр қылмыстармен күресуде ғана емес, қоғамдағы ұсақ бұзақылық пен өзгелердің құқықтық шекарасына өтпеуді де көздейді. Осы сөзімізге мысал етіп тұрғындардың «Е-өтініш» жүйесі арқылы арыз-шағымдарын жолдауын айтуға болады. Мысалы, Бостандық ауданының тұрғыны Әлия Сұлтанқызы өзі куә болған мынандай бір жайтты айтып берді:

«Өткен аптада біздің үйдің жанындағы автотұрақтағы мүгедектігі бар адамдардың көлігіне арнайы белгіленген орынға ешқандай рұқсаты жоқ басқа бір көліктің заңсыз қойылып тұрғанын көрдім. Өзгелердің құқығын аяққа таптағанына шыдай алмадым. Тұрақтың да, көліктің де суретін түсіріп, «Е-өтініш» жүйесі арқылы полицияға шағым жолдадым. Көп өтпей-ақ маған хабарлама келді. Бейнебақылау арқылы заңбұзушылық расталып, ол жүргізушіге шара қолданылған. Осы оқиғадан кейін заң мен тәртіптің нақты жұмыс істейтініне, әр шағымның ескерусіз қалмайтынына көзім жетті», – дейді тұрғын.

Тұрғынның бұл сөзі қалалықтардың заң үстемдігіне деген сенімінің артқанын көрсетеді. Алматы көшелері мен аулаларында мыңдаған

заманауи қауіпсіздік камералары мен «Сергек» интеллектуалды жүйелері үздіксіз жұмыс істеп тұр. Осы цифрлық күзетшілердің көмегімен көшелер мен қоғамдық орындарда жасалған қылмыстардың 92%-ы жедел ізге түсу арқылы санаулы сағаттардың ішінде ашылады. Сол себепті де, қоғамдық орындардағы қылмыс саны 12%-дан астам көрсеткішке кемісе, пәтер ұрлығы мен тонау оқиғалары 15%-ға азайған.

Алматыда вандализммен, яғни қоғамдық мүлікті бүлдірумен, аялдамалар мен ескерткіштерді ластаумен күрес қатаң түрде қолға алынды. Жыл басынан бері қалада ұсақ бұзақылық, қоқыс тастау және тыныштықты бұзу бойынша мыңдаған әкімшілік хаттама толтырылды. Вандализм жасаған әрбір құқық бұзушы бейнекамералар арқылы анықталып, заң алдында жауап берді. Кінәлілер әкімшілік қамауға алынып, ірі көлемде айыппұлдар төледі. Бұл шаралар кез келген заңбұзушылықтың жазасыз қалмайтынын ұқтырды.

Алматыда орнап жатқан тәртіп пен қауіпсіздік – тұрақты дамудың негізі. «Заң мен тәртіп» қағидаты жәй ғана қағаздағы ереже емес, әрбір алматылықтың еркін, қауіпсіз және жайлы өмір сүруіне жағдай жасайтын қуатты күшке айналып келеді. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстар тоқтамайды, өйткені қала қауіпсіздігі – басты назарда.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.



Шолпан БОСТАНҚЫЗЫ,
қоғам қайраткері:

Өзгеріс өзімізден басталады

Жаңа Конституциямызға сүйене отырып, әрбір азамат өз құқықтарын ғана емес, міндеті мен жауапкершілігін де терең сезінуі қажет. Осы құндылықтардың барлығы Ата Заңымыздан туындап отыр. Біз Ата Заңымыздың алға тартып отырған ең негізгі мақсатын азаматтық қоғамда дұрыс қолдана білуіміз керек.

Елдің болашағы үшін мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және саяси бағытының айқын болғаны маңызды. Әділетті Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму бағыты өте дұрыс, тек мұны халықтың терең түсінгені абзал. Бүгінде Ата Заңымызға қаншама оң өзгерістер енгізіліп жа-

тыр, бірақ кейбір жерлерде бұл жаңашылдықтар қарапайым халық арасында кеңінен талқыланбағандықтан, жұртшылық оның байыбына бара бермейді, дұрыс түсінбейтін жағдайлар да кездеседі. Осы орайда, әрбір заң жобасын талқылау барысында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарымен айналысатын үлкен институттардың жүйелі жұмыс істеген дұрыс деп ойлаймын.

Екінші үлкен мәселе – қоғамның даму бағыты. Ертеңгі күні қоғамымыз жаңа дәуірдің жақсы келбетіне енуі үшін әрбір азамат өзгерісті өзінен бастауы тиіс. Егер біз құқығымызды біле отырып, міндеттерімізді де жауапкершілікпен орындасақ, Конституция сілтеген тура жолмен жүрсек, ертеңгі күніміз де жарқын болады.

Жауапкершілік дегеніміз не? Көп нәрсе осы жауапкершіліктен туындайды. Әр азамат: «Егер мен бүгін заңсыз әрекет жасасам, ертең оған заң алдында жауап беремін» дегенді терең ұғынуы керек. Бүгінгі таңда Ата Заңның ең негізгі рөлі – адамдардың заңды білуін қамтамасыз ету және тәртіпке бағыну мәдениетін қалыптастыру. Жаңа Конституциямыздың мақсаты айқын, ол қоғамнан өз орнын тауып жатыр деп есептеймін. Халықтың да сана-сезімінде, зияткерлік әлеуетінде үлкен оң өзгерістер бар. Сондықтан тандалған бағытымыз дұрыс.

Конституциялық өзгерістерден күтер үмітіміз өте зор. Ең бірінші кезекте, мен әлеуметтік саладан үлкен өзгерістер күтемін. Әлеуметтік жағдайымыздың жақсаруы – қоғамымыздың жаңа деңгейге көтерілуінің кепілі. Бұл сала экономикамен де тығыз байланысты. Білім беру жүйесі, отбасы институтын қолдау, жастар саясаты болсын – барлығы да осы әлеуметтік саланың аясына кіреді. Сондықтан алдағы уақытта әлеуметтік салада өте ауқымды және оң өзгерістер болады деп сенемін.

ҚАЗАҚТЫҢ ЖАРҒЫЛЫ ЖОЛЫ

(Хакім жазған ереже жайында)



Тұтас халық кеңістікте ғана емес, сөзде, заңда, яғни сана саяси, мәдениет алаңында өмір сүреді. Сөз халықтың мәдени-коммуникативті кеңістігін қамтыса, заң елдің құқықтық негіздерін айқындайды. Бағзы бабаларымыз қарар құрып, заң жазудың ерекше, әлемде теңдессіз үлгісін қалыптастырды. Қазақ даласындағы Көк Түрік «Жарғысы», Шыңғыс ханның «Жасақ» заңы, «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Әз Тәукенің Жеті жарғысы» сынды ережелер қоғамды тұтастырып, елді әлеуметтендіріп, халықтың бірлігін бекемдеп отырды.

Заңдарымыз әлеуметтік қарым-қатынастың жетілуіне ғана емес, қазақ қоғамының қалыптасуына айрықша үлес қосты, елді ынтымақ-бірлікке, тәртіпке шақырды. Түрік қағанатының жауынгер рухын дәріптеген жарғысы, Моғол ұлысындағы әскери тәртіп, құқық пен тіршілік ережесі салт-ғұрып санатына кірігіп, құқықтық нормалар есебінде едәуір кәдеге асты.

Қазақ Ордасында жазылған төл Заңымыз – «Жеті Жарғының» да жөні бөлек. Баба заңның басты ерекшелігі – адамиеттік құндылықтарды қалыптастыруға негіз болуы. Мәселен, Жарғыда «Қаңға – қан» жойылып, енді құн төленіп, айып кесілетін болған. Ондағы айыпты да жетіге жіктеген, яғни бірінші айып – қара «қазан» төлеу, айыпкердің шаңырағының ортасына түскеннің белгісі. Екінші айып – «қара нар беру», өлген кісі атақты адам болса сол қара нармен Түркістанға апарып қойылатын болған. Үшінші айып – «қара мылтық алу», қылмыскердің күшін алып, қаруын жоюы. Бұдан кейін ол өлгенмен тең болмақ-мыс. Төртінші айып – «қара шолақ бие жетектеу айыпкердің ырысының шайқалуының анық нышанына баланған. Бесінші айып – «қара кілем ұстау». Қара кілем ұстау тұралағандықтың көрінісі саналған. Алтыншы айып – «жетім беру», ол көңілде кірбіндік қалмасын, аралас-құра-

ластық басталсын дегенді меңзеген. Жетінші айып – «жесір бастаған тоғыз жөнелту». Ол – қан араласып, ағайынның қылтықсыз табысуының басы деп есептелген».

Сонымен қатар, кейінгі кездегі қазақтарды басқаруға, отарлауға негізделіп жазылған «Сібір қазақтарын басқару ережесі» (1822 ж.), және «Орынбор қазақтарын басқару ережесі» (1824 ж.) де арнайы зерттеуді қажет етеді.

Әлемге әйгілі ғұлама, озық ақын, қазақ санасын ілгерілетуші ұлы реформатор Абай Құнанбайұлы да арнаулы ереже жазған. 1885 жылдың мамыр айында Қарамола жерінде «Абай ережесі» шыққан. «Ереже орта жүз рулары, олардың билеушілері бас қосқан жиында, жинақталып, жазылады. Оған жүзден астам би, бес дуанның болысы қатысқан. Осы жиында 73 баптан тұратын «Ереже» қамылданады», – деп жазады ҚР Жазушылар одағының мүшесі, ҚР Құрметті журналисі Сабырбек Олжабай.

Негізінен алғанда, Абай Құнанбайұлы жазған жаңа ереже қазақ халқының құқықтық тұрғыда сауаттануына жол ашады, елдің тұрмыс-салтын, таным-түсінігін әдеп нормалары мен адами асқақ қасиеттер аясында нығайта түседі. Бір ерекшелігі – Абай жазған заңның географиялық кеңістігі де аса ауқымды болған. Ерек ере-

же Семей, Өскемен өңіріне толық жетіп, кейінде Жетісу мен Іле-Тарбағатай, Алтай сынды Қытай жеріне тараған. Ғалымдардың айтуынша, ереже Шар бойында жазылғандықтан «Шар ережесі» деп те аталып жүр.

Абайдың мол мұрасы, сұңғатты, салиқалы сөзі қазақтың Ата Заңы екенін ескерсек, Ұлы ақынға қатысты тәлімийатты тағылымсөздің бастауында тұрған Әлихан Бөкейханның мына біз сөзін ортаға салмасқа болмайды. «...Ол далаға қайтып келген соң 15 жасында қазақ руларының арасындағы беделі зор, 1822 жылы Сібір қазақтарының басқару ережесіне сай монополиялық күшке ие болған сұлтан тұқымдарымен саяси-билік тартысына түскен өз әкесінің қасына еріп ел ісіне араласады. Бозбалалық жасына қарамастан, Абай сол кездегі қайраткерлердің арасынан көрнекті орын алып, бидің заманының өткеніне қарамастан, оны елжұрт би етіп сайлайды. 20 жасқа жеткенде Абай от тілді шешен, халық өмірі мен әдет-салтын, қазақ даласындағы атақты билердің әр істі шешкендегі төреліктерін жақсы білетін ділмәр атанады. Өзінің білуге құштарлығы мен зерделілігінің арқасында, қазақтың ғұламаларының халық аузындағы сөздерін, мақалдарын, ертегілері мен нақылдарын меңгереді. Абай билердің шартты түрде сайланбай, талан-

тымен бағаланатын ескі заңы кезінде өмір сүрсе, артистер мен жазушылардың даңқы сияқты атақты би атанар еді», – деп жазады Әлихан ағамыз.

Әсілінде, Абай қазақ қоғамын оры заңдарының тезіне сала отырып басқаруға болмайтынын, сол кездегі дала демократиясы мен қазақы қоғам қарым-қатынасына сай модельдің керек екенін жақсы түсінген. Қазақ халқын басқарудың ұлттық ерекшелігі болуға тиіс деп санаған, бабалардан кейінгіге мирас болып келе жатқан әдеп-ғұрып негізінде жазылған арнаулы Ереже-заң қажет деп ой өрген.

Мұхтар Әуезовтің 1944 жылы жарияға шыққан «Абай өмірінің үшінші нұсқасы» деген зерттеу мақаласында: «Абаймен бірге Қарамолада болған Мүсірәлі ақсақалдың куәлігі бойынша, бұл жолы Абай тізген ереже бабы жүзден аса еді дейді. Сол Мүсірәлінің есінде қалған екі бабы анық Абайдың өзі қолданған, өзі қостырған тың жаңа жолға ұқсайды. Сол күннің жағдайында шамасы келгенінше әр жанға әділет іздеген Абай ұрлық, қылмыс пен әйел теңдігі мәселесіне арнап екі жаңа ереже айтады», – деп жазылады.

Қазақ қоғамындағы қылмыстық және азаматтық істерді қараудың бірыңғай тәртібін қалыптастыру мақсатында әзірленген ереженің түпнұсқасы бертінде табылды. Тарихи деректерге сәйкес, құжат 1886 жылы Қазан императорлық университетінің баспаханасында жарық көрген. Оның түпнұсқа данасы бүгінде Қазан федералды университеті кітапханасының сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында сақтаулы тұр. Абай музей-қорығының қызметкерлері 2019 жылы аталған басылымды анықтап, цифрлық көшірмесін Қазақстанға жеткізіп, көпшілікке таныстырды.

Ғалымдар бүгінде XIX ғасырдың екінші жартысында жазылып, ұлтымыздың әдеп-ғұрпы, салт-дәстүрі негізінде дайындалған Абайдың «Қарамола ережесін» қазақ даласында жарық көрген тұңғыш заң деп тұжырымдайды. Бұл пікірді заманында «Сарасөз» бағдарламасында қонақ болған жазушы, экономика ғылымдарының докторы Мырзагелді Кемел де нақтылап, «Абайдың «Қарамола ережесі» сол заманның Конституциясы болған» деп дәйектеген. Қайткенде, Абай сөзі – Қазақтың заңы, Абай ережесі – қазақтың әдеп нормасы, құқықтың жүйесінің мәйегі деген пікірді біз де қостаймыз.

Дастан ҚАСТАЙ.

Зиялының сөзі



Нұржұман ЫҚТЫМБАЕВ,
Қазақстанның Халық әртісі:

Тек жақсылық күтеміз

Ескінің аты – ескі, жаңаның аты – жаңа. Ата Заңымыздың жаңарғаны құба-құп. Өйткені, бұл реформа арқылы бұрынғы Конституцияның кішігірім кемшіліктері мен олқылықтары түзіліп, бәрі уақыт талабына сай реттеліп, тазаланып, әдемі қабылданып жатыр. Құдайға шүкір, қазір Мемлекет басшысы ішкі саясатты да, сыртқы саясатты да жүйелі түрде жүргізіп, бәрін өз орнына келтіруде. Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытында да нақты жұмыстар атқарылып жатыр. Осының бәрі оң өзгерістердің басы деп білемін. Сондықтан жаңа Конституциямыз құтты болсын дейміз.

Жаңа қадамнан әрқашан тек жақсылық қана күту керек. Елдің болашағына да бұл реформаның тигізер әсері зор болады деп ойлаймын. Қазірдің өзінде көптеген мәселелер оңтайлы шешімін тауып, бәрі жақсы жағына қарай өзгеріп келеді. Алдағы уақытта заң шығарушы билікте, парламенттік жүйеде де үлкен жаңалықтар, маңызды өзгерістер болайын деп жатыр. Осының бәрі ел игілігі үшін жасалып жатқан дүниелер. Адам баласы үстіне жаңа жейде кесе де көңілі көтеріліп, қуанып қалады ғой. Сол сияқты, мемлекеттің басты заңы – Конституцияның да заман ағымына сай жаңарып, жетіліп отырғаны өте дұрыс. Осы реформалардың арқасында еліміздің болашағы жарқын, алдағы күндеріміз тек жақсылыққа толы болады деп сенемін.



Сәуле ДОСЖАН,
жазушы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

Қазақстан тарихындағы айтулы оқиға

Ұлы Даланың мыңжылдық тарихының сабақтастығын сақтайтын Қазақ елі саяси жаңғырудың жаңа кезеңіне аяқ басып, елеулі өзгерістер басталды. Түбегейлі жаңғырудың да жаңа кезеңі басталды. Ел жылнамасындағы кезекті бір маңызды меже аяқталып, жаңа дәуірдің табалдырығын аттаймыз. Бұл – Қазақстан тарихындағы айтулы оқиға.

Конституцияны тек қана құқықтық құжат деп қарауға болмайды, ол – өмір салтымызды, бірегейлігімізді, бағыт-бағдарымызды көрсететін құжат. Адамның құқығы мен бостандықтарына басымдық берілу жаңа Конституциямыздың негізгі ерекшелігі болып отыр. Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін деген ұстанымда жазылған. Тәуелсіздік, Қазақстанның егемендігі, аумақтық тұтастығы мызғымас құндылық.

Әділетті Қазақстан идеясы, «Заң мен Тәртіп» қағидаты, қоршаған табиғатымызға қамқорлық жасау – басты елдік құндылықтар ретінде дәріптеледі. Мәдениет, өнер, шығармашылық, рухани даму, зияткерлік меншік мәселелеріне ерекше басымдық беріп отыр. Ұлттық мәдениетті қолдау, тарихи-мәдени мұраны сақтау конституциялық деңгейде негізгі қағидаттың бірі ретінде бекітіліп, діннің мемлекеттегі рөлін нақтылаған. Бір сөзбен айтқанда, жаңа Конституция ортақ құндылықтарымызды жоғары деңгейде нақтылап, біріктіреді. Бұл – заман легіне көш түзеген жұртымыздың асыл мұраты дегуге болады.




Нұрдәулет АҚЫШ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

Ел игілігіне қызмет етеді

Жаңа Конституция мемлекетіміздің дамуына жаңа серпін беріп, қоғамдық-саяси жаңғырумен қатар әлеуметтік өзгерістерге де негіз болады деп сенемін. Құжатта көптеген маңызды жаңашылдықтар бар екені көпшілікке белгілі.

Әсіресе, Вице-президент лауазымының енгізілуі және Құрылтайдың пайда болуы – ерекше атап өтуге тұрарлық өзгерістер. Мұның барлығы заман талабына сай қабылданған маңызды шешімдер деп есептеймін. Өйткені, Конституция жобасын әзірлеуге түрлі саланың өкілдері қызмет етті. Жаңа Ата Заң азаматтарымызға мол мүмкіндік береріне сенімдімін. Жалпы елдік мүдде тұрғысынан кез келген идеологияға жол берілмей, қоғамға, мемлекетке зиян келтіретін жат идеологиялардың таралуына тосқауыл қою да маңызды. Әсіресе, ұлттық идеологияға баса мән беру қажет. Қазақ халқы үшін ұлттық құндылықтар мен ұлттық идеологияның маңызы зор. Сондықтан оны одан әрі нығайтып, дамытуымыз керек.

Жаңа Конституция ел игілігіне қызмет етіп, мемлекетіміздің тұрақтылығы мен халқымыздың амандығына берік негіз болатын маңызды құжат болады деп сенемін.



Аягүл МИРАЗОВА,
Қазақстанның
Еңбек Ері:

Әділетті қоғамның басты кепілі

Ата Заң – Тәуелсіздігіміздің тұғыры, тірегі, темір-қазығы. Әрбір қазақстандық азаматтың құқығын қорғайтын, дамуын қолдайтын тарихи және саяси құжатымыз. Тәуелсіздігіміздің беріктігіне бірден-бір негіз болатын, оны нақтылай түсетін құндылығымыз Ата Заң деп білемін.

Мемлекетіміздің жаңа тұрғыдан көрінуіне, дамуына әр азаматтың өмір сүруіне, білім алуына, еңбек етуіне, ойын еркін айта алуына мүмкіндік беретін де осы Конституция. Ол әділетті қоғам құрғысы келетін әрбір азаматтың Заң мен Тәртіпті, адалдықты, адамдықты биік ұстауына кепілдік беретін бастамашы басты құжат.

Білім саласының өкілі ретінде жаңа Халық Конституцияда білім мен ғылымға, инновацияны өркендетуге басымдық берілуін ерекше қолдаймын. Жалпы-халықтық референдумда да өзімнің қолдауымды білдірген едім. Оған қоса, отбасы, неке, ата-ана мен баланы қорғау мәселелері да өте орынды қарастырылған. Ұлт ретінде біз бала тәрбиесіне баса мән береміз, Ата Заңымызда балаларды тәрбиелеу ата-ананың табиғи құқығы әрі жауапты міндеті ретінде айқындалуы да ерекше маңызға ие.

Сондықтан ресми түрде күшіне енген жаңа Конституция ел дамуына елеулі оң әсерін береді деп сенемін. Халқымыз саяси-құқықтық жаңғырудың жаңа дәуіріне қадам басты. Осы қадамы құтты болсын!



Абзал БОТАНОВ,
Алматы қаласы
Мемлекеттік архивінің
директоры, «Ерен еңбегі
үшін» медалінің иегері:

Болашақты бірге жасайық!

Мінеки, 2026 жылы 1 шілдеден бастап Қазақстанның жаңа Конституциясы күшіне енді. 1995 жылдың 30 тамызында қабылданған Ата Заң өз міндетін толық ақтады деп ойлаймын. Ал жаңа Конституциямыздың биыл Тәуелсіздігіміздің 35 жылдығы қарсаңында қабылдануы да қисынды әрі тарихи мәні зор қадам деп санаймын. Бұл түбегейлі жаңғырған жаңа қоғам құрып, мемлекеттік органдардың жаңаша жұмыс істеуі үшін зор мүмкіндік береді.

Ең бастысы, күшіне енетін жаңа Конституциямыз осыған дейін жүзеге асырылып келген жүйелі реформалардың нәтижесі. Ата Заңдағы бұлжымайтын бір нәрсе – «Қазақстан Республикасындағы басты құндылық – адам» деп жазылған тұсы. Міне, ендігі жерде қоғам құрылысы да реформалар да осы басты құндылық айналасында жүзеге асатын болады.

Біздің, мемлекеттік қызметтегі азаматтардың негізгі міндеті – Егемен елдің осы басты құндылығы үшін бар жағдай жасау. Біздің Мемлекеттік архивте бұл бағытта барлық мүмкіндік жасалған. Архивтік құжат, анықтама алу ҚР азаматы үшін қолжетімді. Бұдан өзге, келушілер архивтегі елге танымал тұлғалардың мүйістерін тамашалай алады.

Өзгертулер енгізілген ҚР Конституциясында ҚР азаматының құқықтарынан бастап, мемлекетті басқару құрылымдары жүйесіне дейін жаңаша жазылған тұстары бар. Конституцияның жаңаша үлгісі елдің талқысына түсіп, жалпыхалықтық референдумда ел азаматтарының зор қолдауына ие болды.

Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асқан конституциялық реформалар, шын мәнінде, бүгінгідей зымыраған уақыт, күнделікті реформа кезеңінде дұрыс жасалды деп бек сеніммен айта аламын. Біз уақыт талабынан, алға жылжыған қоғам көшінен қалмауымыз керек. Міне, Ата Заңымыз, оған қосымша заңнамалар қабылданды, күшіне де енеді. Конституциядағы барлық нәрсе айқын да нақты. Ендігі қалғаны – Қазақстан халқының осы заңдар шеңберінде алдыға ұмтылып, өзінің жарқын келешегін жасауы.

Ел азаматтарынан бір-ақ нәрсе талап етіледі, ол – барлық жасалған іс-әрекет заң шеңберінде болуы. Бұл елдің ертеңі, жарқын болашақ үшін керек. Осы ретте ел азаматтарын Қазақстанның болашағын бірге жасауға шақырамын. Біз біріксек, алынбайтын қамал, жетпейтін меже жоқ. Тәуелсіз мемлекетіміз бар, Ата Заңымыз бар. Болашаққа бірге қадам жасайық!



«КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ»

білім инфрақұрылымына серпін берді

**Бүгін ресми түрде күшіне
Енген жаңа Халықтық
Конституцияда білім, ғылым,
инновация, мәдениет және та-
биғатты қорғау мемлекеттік
дамудың басым бағыттары
ретінде көрініс тапқан. Алма-
ты қаласы білім ғылым-білім
саласы бойынша республикада-
ғы көшбасшылық орнын бекем
сақтап келеді. Әрі бұл саланы
жүйелі алға ілгерлетуді өзінің
ұзақмерзімді даму жоспарына
бекіткен.**

Бірегей ұлттық жоба

Әлбетте, алып мегаполис үшін білім беру саласының өзіндік қиындықтары да жоқ емес. Урбанизацияның қарқынды үдерісі қаламыздың білім беру жүйесіне жүктемені үдетіп келеді. Соған қарамастан, қалалық үкімет оқушы орнының тапшылығын қысқартып, екі ауысымды оқытуды жою бойынша ұзақ мерзімдік жоспарын жүйелі түрде жүзеге асыруда. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Келешек мектептері» ұлттық жобасы Алматының білім инфрақұрылымын дамытуға зор серпін берді.

Қалада аталған ұлттық жобасы аясында бір жыл ішінде 13 мектептің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Мәселен, соңғы бір жылда №154, №213, №214, №215, №216, №217, №218, №219, №220, №221, №222, №224 және №223 мектептері ашылды. Әлі де 10 500 орынды 7 мектеп дайын тұр. Қазіргі уақытта бұл мектептерде қабылдау-өткізу процедурасы жүргізіліп жатыр.

Сондай-ақ, жергілікті бюджет есебінен «Зерделі» шағынауданындағы 550 орынды мектеп бой көтерді. Осылайша алдағы 1 қыркүйекте қаламыз жалпы саны 11 050 оқушыға арналған 8 мектептің ашылуына куә болмақ.

Заманауи білім ордалары

Алматы мектептері жылдамдығы жоғары интернетпен қамтамасыз етілген. Мәселен, пәндік кабинеттер, зертханалар мен спорт залдарын жабдықтау жоғары деңгейде. Білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздік мәселесі де басты назарда. Бұл арада айта кетерлігі, тек «Келешек мектептері» ұлттық



жобасына ғана емес, барлық білім беру нысандарына қатысты қойылып отырған талап.

Биылғы жаңа оқу жылында қазақстандық 3,9 млн. оқушы мектепке барса, оның 360 мыңға жуығы – алғаш рет мектепке баратын бірінші сынып оқушылары. Еліміз бойынша 1 қыркүйек күні 61 жаңа мектепті пайдалануға беру жоспарланса, қаламызда 8 жаңа мектеп ашылады. Бұл орайда, қалалық Білім басқармасы цифрландыруға көп көңіл бөліп отыр. Мәселен, мектептер электронды қызметтерді пайдаланады, онлайн олимпиадалар, онлайн жарыстар өткізеді, құжаттар электронды форматта да қабылданады.

Жалпы, балаларды цифрландыруға үйретуді қолдаған дұрыс. Ол үшін IT мектептерді кеңінен ашуды қолға алу керек. IT мектептердің ерекшелігі – IT технологиялар саласындағы мамандану, ерте профильдеу, робототехника мен бағдарлама лауды тереңдетіп оқыту, 3D модельдеу. Бүгінгі таңда IT мектептерде оқитын балалар жалпы білім беретін пәндер мен робототехника бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар байқауларына белсенді түрде қатысып жатыр.

Алматылық оқушылар биыл Индонезияда өткен информатикадан халықаралық олимпиадада оқушылар 2 күміс және 2 қола медаль жеңіп алса, Қазақстан атынан беделді олимпиадаға 4 оқушы қатысты. Алматыда «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» жобасы аясында жаңа буын менеджерлерін дайындау бойынша жұмыстар әлі де жүргізіліп жатыр. «Алматы мектеп-

тері» жобасы аясында қаламыздағы мектеп басшылары мен мектепке дейінгі мекеме басшылары шетелде тағылымдамадан өтіп келді. Тағылымдамадан өтіп келген мектеп басшылары мен мектепке дейінгі мекеме басшылары сол мемлекеттен үйренген жаңалықты өз тәжірибелеріне енгізіп, олар шетелден алған білімдерін жүзеге асыруына қолдау білдіріп отыр.

Қарқынды жаңарып жатқан сала

Еліміздің, соның ішінде Алматының білім беру жүйесі елдегі ең қарқынды жаңарып отыратын сала дейді, қалалық Білім басқармасының басшысы Сәкен Аралбаев. Оның айтуынша, білім саласында жаңашылдықтар ең тез орын алады:

– Білім саласының дамып, өзгеріп, жаңашылдыққа бет бұруы экономикамыздың да жақсаруына, қоғамдағы жаңашылдықтардың орын алуына оң септігін тигізеді. Сондықтан білім жүйесіндегі тәжірибелердің үздігін алуға ұмтылған жөн. Осы арада айта кетерлігі, тәрбие – ұлттық, білім – әлемдік болу керек дейтін қағиданы ұмытпаған жөн.

Жалпы, қазіргі таңда өте маңызды жобалар жүзеге асырылып жатыр. Елімізде «Келешек мектептері» жобалары қауіпсіз білім беру ортасын құрумен, эстетикалық тартымдылығымен, жоғары білікті кадрлармен, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру пәндері бойынша білім берудің жаңа мазмұнымен ерекшеленеді, – дейді ол.

Рая ЕСКЕНДІР.
Сурет: С.ҚҰСАЙЫНОВ.



Болатбек БАЙМАХАНОВ,
«А.Н.Сызғанов атындағы
Ұлттық ғылыми хирургия
орталығы» АҚ басқарма
төрағасы, профессор,
ҚР ҰҒА академигі:

Маңызды әрі прогрессивті қадам

Жаңа Конституция – еліміздің маңызды әрі прогрессивті қадамы. Ол сөзсіз әділетті, ашық және жауапты қоғам қалыптастыруға бағытталған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев денсаулық сақтау саласына әрдайым ерекше көңіл бөліп келеді. Соның нәтижесінде еліміздің түкпір-түкпірінде жаңа ауруханалар мен емханалар салынып, медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасы нығайып, заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілу деңгейі артуда. Медициналық инфрақұрылымды жаңғырту, кадрлық әлеуетті күшейту және медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған бастамалар отандық денсаулық сақтау жүйесінің қарқынды дамуына серпін берді.

Бұл өзгерістердің құқықтық негізі елімізде жүзеге асырылған конституциялық реформалармен сабақтасып жатыр. Конституциялық реформалар мемлекет қызметінің басты қағидатын – адамды, оның өмірі мен денсаулығын ең жоғары құндылық ретінде айқындайтын әлеуметтік мемлекет тұжырымдамасын одан әрі нығайтты. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында бекітілген осы ұстаным бүгінде денсаулық сақтау саласында нақты жүзеге асырылып келеді. Азаматтардың сапалы әрі қолжетімді медициналық көмек алуына жағдай жасау, медициналық инфрақұрылымды жаңғырту және халық денсаулығын нығайтуға бағытталған жүйелі іс-шаралар – мемлекеттің әлеуметтік жауапкершілігінің айқын көрінісі.

Конституциялық реформалардың маңызды бағыттарының бірі – медицина қызметкерлерінің құқықтық қорғалуын күшейту және олардың кәсіби қызметін қауіпсіз жағдайда жүзеге асыруға жағдай жасау. Медицина қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ қызметтік міндеттерін атқару барысында олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесінің мемлекеттік деңгейде айрықша назарға алынуы – денсаулық сақтау жүйесін орнықты дамытудың маңызды алғышарты.

Ата Заңымызда айқындалған адам өмірі мен денсаулығын қорғау қағидаттары бізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Сондықтан азаматтардың сапалы әрі қауіпсіз медициналық көмек алу құқығын қамтамасыз ету, озық технологияларды енгізу, медициналық қызметтердің сапасын үздіксіз жетілдіру және халық денсаулығын нығайту – біздің басты міндетіміз. Конституцияда айқындалған қағидаттарды басшылыққа ала отырып, ел игілігі мен ұлт саулығы жолында әрі қарай да қалтқысыз қызмет ете береміз.

ЗАҢҒА СҮЙЕНГЕН САЛАУАТТЫ ҰЛТ



Ата Заң – мемлекеттің бас құжаты
Ағана емес, халықтың әл-ауқаты мен
әлеуметтік кепілдіктерінің берік іргетасы.
Денсаулық сақтау жүйесінің тиімді
дамуы, медициналық көмектің сапасы мен
қолжетімділігі, медицина қызметкерлерінің
құқықтық қорғалуы да осы конституциялық қағидаттармен тығыз байланысты.

Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жуырда ақ халатты абзал жандардың төл мерекесінде сөйлеген сөзінде қоғамның барлық саласында, оның ішінде денсаулықта да ауқымды және түбегейлі өзгерістер жасалып жатқанын, Қазақстан озық технологияларды барлық салаға, соның ішінде медицинаға белсенді түрде енгізе бастағанын ерекше атап өтті.

«Бұл – заман талабы. Осы бастама қазіргі таңда отандық денсаулық сақтау саласын дамытуға тың серпін беріп жатыр десек, қате болмайды. Цифрлық технологияның арқасында диагностика жасау уақыты төрт есеге қысқарды. Сондай-ақ, қатерлі ісікті анықтау көрсеткіші 30 пайызға артты. Жасанды интеллект дәрігерлерге күрделі клиникалық шешімдерді қабылдауға септігін тигізуде. Бүгінде еліміздегі 1800-ден астам медициналық мекеме цифрлық форматқа көшірілді. Ақпараттық жүйелерді өзара байланыстыру, яғни интеграциялау арқылы әкімшілік жүктеме 40 пайызға дейін төмендеді», – деді Мемлекет басшысы.

Кейінгі бірер аптаның өзінде Алматының медицинасында дәл осы бағытта айтарлықтай жаңалық болды. Дәлірек айтсақ, Президент тапсырмасымен И.Жекенова атындағы қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасындағы жаңа зертханалық кешен ашылды. Ашылу салтанатына Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова мен Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды қатысты.

Бұл кешеннің өзгешелігі – зертханалық зерттеулерді жылдам әрі дәл жүргізуге мүмкіндік беретін жасанды интеллект элементтері енгізілген автоматтандырылған трек жүйесі бар. Үлгі зертханаға түскеннен кейін жүйе қажетті талдау түрлерін өздігінен анықтап, материалды тиісті жабдықтар арасында бағыттайды және зерттеу нәтижесін дәрігерге жеткізеді. Жасанды интеллект анализаторлар арасындағы жүктемені тиімді бөліп, деректерді өңдеу үдерісін жеделдетуге көмектеседі.

Автоматтандырудың арқасында қолмен орындалатын ота саны азайып, қателік жіберу қаупі төмендейді. Бұл, әсіресе, инфекциялық аурулары бар науқастар үшін маңызды, өйткені зерттеу нәтижесін жедел алу дер кезінде диагноз қойып, ем тағайындауға мүмкіндік береді. Күні кешегі тағы бір тың жаңалық – қалалық Кардиология орталығында мамандандырылған тұңғыш Аорта орталығы жұмысын бастады. Жаңа бөлімше аортаның жыртылуы, аневризма дертіне шалдыққан науқастарға шұғыл және жоспарлы жоғары технологиялық көмек көрсетеді. Клиника басшысының айтуынша, Аорта орталығының ашылуы жоғары технологиялық кардиохирургиялық көмекті дамытудағы маңызды қадамдардың бірі.

«Аорта патологиясы жүрек-қан тамыр жүйесіндегі қауіпті аурулардың бірі болып саналады. Мамандандырылған орталық көмек көрсеткенге дейінгі уақытты мейлінше қысқартып, заманауи емдеу технологияларын енгізуге мүмкіндік береді», – дейді клиника директоры Ермағанбет Қуатбеков.

Бір айта кетерлігі, кейінгі жылдары орталықта жүрек алмастыру, қан айналымын механикалық сүйемелдеу жүйесін импланттау (LVAD), соғып тұрған жүрекке ота жасау технологиясы (Beating Heart), шағын инвазивті кардиохирургия (MICS) сынды технологиялар енгізілген.

Міне, Алматының денсаулық сақтау жүйесі уақыт көшінен қалмай, дәстүрлі медициналық қызмет көрсетуден «ақылды медицина» (Smart Healthcare) моделіне көшуде.

Иә, кейінгі екі жылда Алматының денсаулық сақтау жүйесі жаңғыру кезеңіне батыл қадамдар жасады. Ең алдымен, қаржыландыру көлемі айтарлықтай артты. Мәселен, осы саланың инфрақұрылымын жақсартуға 2024 жылы 26,3 млрд. теңге бөлінген болса, 2025 жылы қаржыландыру көлемі 69,4 млрд. теңгеге жеткен. Сонымен қатар, 2025 жылғы қала бюджетінен денсаулық сақтау саласына 55,8 млрд. теңге қарастырылған болатын. Ал жалпы Алматының денсаулық сақтау жүйесіне былтыр 344,7 млрд. теңге, биыл 367,6 млрд теңге қаражат қарастырылған.

Былыр мегаполисте 15 денсаулық сақтау нысаны күрделі жөндеуден өтті. Ал 2026 жыл басталар тұста 6 жаңа емхана пайдалануға берілді. Сондай-ақ, былтыр №8 жедел жәрдем стансасы, №12, 20, 22, 23 және 27 емханалар, сондай-ақ Адам репродукциясы қалалық орталығы күрделі жөндеуден өтті. Қазақстандағы алғашқы корейлік диагностикалық орталықтардың бірі – Open Healthcare Kazakhstan медициналық орталығы жұмысын біздің мегаполистен бастағаны да мақтанш. Ал биыл іргелі №4 қалалық клиникалық аурухананың жаңа заманауи қабылдау бөлімі іске қосылып, халықаралық triage жүйесі енгізілді.

Биыл Алматының денсаулық сақтау саласына қызмет ететін 32 жаңа нысанның құрылысы мен 14 медициналық мекемені жаңғырту жобасы қарқынды түрде жүзеге асырылып жатыр. Бұл қадамдар өз кезегінде дені сау ұлт қалыптастыруға, медицинаның дамуына және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға оң ықпал етеді.

«Біз ұлт саулығы ұғымына алғаш рет кең ауқымда назар аудардық. Соған сәйкес Конституцияда қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау және табиғи байлыққа ұқыпты қарау қағидаттары айқындалды. Бұл адам өмірін сақтау медицина мамандарының міндеті ғана емес, тұтас қоғамның жауапкершілігі екенін көрсететін маңызды қадам болды», – деді Мемлекет басшысы медицина қызметкерлерінің төл мерекесінде сөйлеген сөзінде.

Демек біз, әрқайсымыз Конституцияны құрметтеп, оның қағидаттарын күнделікті өмірде басшылыққа алу арқылы мемлекетіміздің өркендеуіне өз үлесімізді қоса аламыз.

Нұржамал ӘЛІШ.
Сурет: С.ҚҰСАЙЫНОВ.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

E-mail:
almatyaqparat@gmail.com

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ақпараттық-талдау
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика
бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым
және кері байланыс бөлімінің
редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55.

E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com

Жарнама және
тарату бөлімі.
E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com
тел.: тел.: 248-49-55.
8 707 948 73 78

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

**ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША
ШАҒЫМДАР БОЛСА...**

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
almatyaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.**
**Нөмірдің таралымы –
10 360 дана (сәрсенбі)**

**Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР**

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ51VPY00150334
күәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті
«AIR ASTANA» әуе компаниясының
бизнес-класс бортында және
«Жолаушылар тасымалы» АҚ
пойыздарындағы жолаушыларға
қолжетімді.



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

бірегей қала мәдениетін қалыптастырып келеді

Таңғы сағат жеті. Әсем Алматыны қақ жарып өтетін Абай даңғылы. Көше әлі қарбаласқа тола қойған жоқ. Бірақ коммуналдық қызметкер Гүлнәр Сейтқалиева үшін әлдеқашан басталып кеткен. Ол күн сайын таңның атысымен көшелерді сыпырып, гүлзарларды ретке келтіріп, қала тұрғындары мен қонақтарын таза әрі жайлы орта қарсы алуы үшін еңбек етеді.

— Осы жұмыста жүргеніме он бес жылдан асты. Бұрын тазалап кеткен жерімізге адамдар қайтадан қоқыс тастап кететін жағдай жиі кездесетін. Қазір мұндай жағдай сирек көрініске айналғанын байқаймын. Адамдардың өзі ескерту жасап жатады, балаларын тазалыққа тәрбиелейді. Бұл — біз үшін ең үлкен нәтиже, — дейді ол.

Гүлнәр апайдың сөзінен қаламызда қалыптасып келе жатқан жаңа қоғамдық мәдениетті аңғаруға болады. Кейінгі уақытта тазалық мәселесі тек коммуналдық қызметтердің емес, бүкіл қоғамның ортақ ісіне айналды. Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асып жатқан «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бағдарламасы алматылықтардың қоршаған ортаға деген көзқарасын өзгертті. Бүгінде таза көше, күтіп-бапталған саябақ, жасыл желек пен

қауіпсіз қоғамдық кеңістік — әрбір тұрғынның ортақ жауапкершілігі деген түсінік орнығып келеді.

Алматы әкімдігі бұл бағыттағы жұмысты жүйелі түрде жалғастырып келеді. Биыл қалада 550 мыңнан астам жасыл желек отырғызу жоспарланған. Оның ішінде 7,2 мыңнан астам ірі ағаш, 500 мыңнан астам бұта және 40 мыңға жуық өтемдік көшет бар. Көктемгі көгалдандыру маусымының өзінде 6 мыңнан астам ағаш пен бұта отырғызылды, оның ішінде 2,6 мың ірі ағаш егілді.

Жасыл желекті көбейтумен қатар, қаланы гүлдендіру жұмыстары да кең көлемде жүргізіліп жатыр. Биыл Алматыдағы гүлмен безендірілетін аумақ көлемі 387,9 мың шаршы метрге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда, 77 пайызға артты. Бұл көшелер мен саябақтардың сәнін келтіріп қана қоймай, қаланың экологиялық ахуалын жақсартуға да ықпал етеді.

«Таза Қазақстан» бағдарламасының басты ерекшелігі — тұрғындардың белсенді қатысуы. Мәселен, биыл сәуір айында өткен «Мөлдір бұлақ» экологиялық акциясына 36 мыңнан астам алматылық қатысты. Қала бойынша 400-ге жуық арнайы техника жұмылдырылып, сегіз ауданның ондаған учаскесінде тазалық жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде бір күннің ішінде

2,5 мың текше метрден астам қоқыс шығарылды. Мұндай акциялар қоғамның экологиялық мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарып келеді.

Тазалық жұмыстарын тек көшелерді сыпырумен шектеу дұрыс емес. Алматыда қоғамдық кеңістіктер жаңарып, аулалар абаттандырылып, жаңа саябақтар мен скверлер пайда болып жатыр. Жаяу жүргіншілерге арналған инфрақұрылым жақсарып, жарықтандыру жүйелері жаңартылып жатыр. Мұның бәрі тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлылығын арттыруға бағытталған.

Қаланың жаңарған келбетін туристер де жоғары бағалап келеді. Алматыда визит-орталықтардың жұмысы жаңғыртылып, халықаралық әуе бағыттары көбейіп жатыр. Қонақүй қоры кеңейіп, жаңа туристік нысандар бой көтеруде. Мұндай жұмыстардың барлығы ең алдымен таза әрі жайлы қалалық ортаны қалыптастырумен тығыз байланысты.

Туризмнің негізгі көрсеткіштерінің бірі — қаланың тазалығы мен қауіпсіздігі. Әлемнің көптеген мегаполисі сияқты Алматы да осы бағытқа ерекше мән беруде. Себебі, турист үшін тарихи орындар мен табиғат қана емес, көшелердің тазалығы, саябақтардың күтімі, қоғамдық кеңістіктің жайлылығы да маңызды.

Коммуналдық қызметкер Гүлнәр Сейтқалиева үшін бұл өзгерістер күн сайын көз алдында өтеді.

— Кейде көшеде кетіп бара жатқан балалардың жерге түскен бөтелкені көтеріп, қоқыс жәшігіне тастағанын көремін. Осындай сәттерде еңбегіміздің зая кетпегенін түсінеміз. Қаланы әкімдік қана емес, тұрғындардың өзі таза ұстай бастағанда ғана нәтижесі болады, — дейді ол.

Шынында да, «Таза Қазақстан» бағдарламасының ең үлкен жетістігі — тазалықтың қоғамдық құндылыққа айналуы. Бұл бастама алматылықтардың экологиялық мәдениетін арттырып, туған қаласына деген жанашырлығын күшейтті. Бүгінде қала тұрғындары өз ауласын, көшесін, саябағын таза ұстауды азаматтық жауапкершілік деп қабылдайды.

Бір кездері тек коммуналдық қызметтің міндеті саналған тазалық қазір әрбір тұрғынның өмір салтына айналып келеді. Бұл — «Таза Қазақстан» бағдарламасының ең басты нәтижесі әрі Алматыда қалыптасып жатқан жаңа, заманауи қалалық мәдениеттің айқын көрінісі.

Дана САДЫРҚАН.
Сурет: С.ҚҰСАЙЫНОВ.

«АҚШАМ» жарыққа шыққан күн

Әділетті Қазақстанның жаңа Халық Конституциясы ресми күшіне енген 2026 жылдың 1 шілдесі – ел тарихында ерекше есте қалары анық. Сонымен бірге, 1 шілде – қазақ баспасөзінде өзіндік дара жолы қалыптасқан «Алматы ақшамы» газетінің алғашқы саны жарық көрген күн. Мың жасаған шаһардың әр күнгі тыныс-тіршілігін қалт жібермей жазып, қаттап келе жатқан бірегей басылымның жарық көргеніне бүгін – 38 жыл.

1988 жылдың 1 шілдесінде «Алматы ақшамының» тұңғыш саны жарық көрді. Содан бері басылымның бірде-бір нөмірі тоқтап көрген емес. Алғашында аптасына үш рет, кейін екі рет шығып тұрған газет қазір әр сейсенбі мен жұма сайын оқырманымен қауышып келеді. Алматының тірі шежіресіне айналған басылымның әр жылдардағы тарихи сандары мұрағаттың алтын қорында құнды жәдігер ретінде сақтаулы тұр.

Жиырмаасыншы ғасырдың орта шенінен бастап ел астанасы Алматыда түрлі мерзімді басылымдар жарық көріп тұрғаны белгілі. Бірақ сол кезде республиканың бас қаласы мәртебесіне ие шаһарда қазақ тілінде тарайтын, қалалық деңгейдегі дербес газет жоқ еді. Қоғамның ана тіліндегі ақпаратқа сұранысы артып тұрған кезеңде «Алматы ақшамы» жарыққа шықты. Белгілі журналист Исламғали Бейсебаев алғашқы Бас редакторы болды. Газеттің басты ерекшелігі де, артықшылығы да — тек мегаполистің ішкі тұрмыс-тіршілігіне, қалалық инфрақұрылым мен тұрғындардың мұң-мұқтажына арналған тұңғыш қазақтілді басылым болуында. Күні бүгінге дейін еліміздің бірнеше өңіріне тарайтын газет Алматымен бітеқай-



насып, жаңа мазмұнмен байып, заман талабына сай жаңартып-жасарып келеді.

Басылымның көтерген алғашқы өзекті мәселелері мен қозғаған тақырыптары жер мен діл, тіл мен ұлттық мұрат, руханият пен ұлттық мүдде төңірегінде өрбіді. Ал тәуелсіздік

алғаннан кейін жас мемлекетіміздің сындарлы шағында басылым бетіндегі мақалалардың да сипаты өзгерді. Газеттің «Қала тынысы», «Қала қарбалас», «Жолдау және жұртшылық» сынды дәстүрлі айдарлары мегаполистегі оң өзгерістердің, жасампаз жаңалықтардың шынайы жаршысына айналды.

Басылымның қалыптасу кезеңі туралы «Алматы ақшамы» газетінің алғашқы Бас редакторларының бірі, белгілі журналист Ерғали Сағат өз естелігінде былай деп айтқан екен:

«...Ол кезде Алматы — елдің астанасы болатын. Алматы қаласы әкімдігінің Ішкі саясат бөлімі де сол жылдары ауқымды жұмыстар атқарды. Сол тұстағы қазақ газеттерінің көтерген мәселелерінің бәрі шаттықтан гөрі назға, ұлттық мұраттарды аңсауға, тіл мен ділдің жалауын тіктеуге бағытталған материалдар болды. Ащы, тіпті ащы мақалалар жариялауға тура келетін. Өйткені, уақыт соны талап етті. Қаладағы жүректі жылататын мәселелердің ешқайсысын тыс айналып өткеніміз жоқ. Қаланың экономикасына қатысты тақырыптарда жиі қалам тербейтінбіз».

Кейінгі жылдары газеттің бас редакторы қызметін Қали Сәрсенбай, Төрехан Данияр сынды белгілі қаламгерлер атқарып, шығармашылық дәстүрді жалғады.

«Алматы ақшамы» ұжымы былтыр жыл соңын ерекше марапатпен, үлкен абыроймен түйіндеген болатын. Басылым ауқымды шығармашылық ізденісі мен кәсібилігінің арқасында «Қазақстандағы Жыл таңдауы» (№1 Choice of the year in Kazakhstan) ұлттық жобасының «Мемлекеттік тілдегі республикалық қоғамдық-саяси газет» номинациясын жеңіп алды.

Талай тарихи белестен өткен газет басты бағытынан танбай, заман ағымымен бірге дамып келеді. Қырық жылға жуық тарихында дәстүрлі газет форматында ғана емес, заманауи медиакеністікте де қала тынысын жедел тарататын қуатты ақпараттық брендке айналып отыр.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.